



АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Алтай Бисенұлы!

Азаматтық қорғау органдарын даярлау және қайта даярлау шеңберінде 2021 жылғы 13 желтоқсаннан 25 желтоқсанға дейін, Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының оқытушыларының қатысуымен дәріс сабақтары өткізілді.

Дәріс барысында кафедра оқытушылары анықтаушылармен, инспекторлық құраммен және кезекші-диспетчерлік қызмет қызметкерлерімен қылмыстық іс жүргізу заңнамасын зерделеу бойынша, сондай-ақ оқиға орнында іздер мен заттай дәлелдемелерді табу және алу тәртібі бойынша жоғары деңгейде теориялық сабақтар өткізді.

Сонымен қатар, біздер алған білім, өрттер туралы істерді тергеу жұмысында тиімді пайдаланылатынына сенімдіміз.

Осыған байланысты, Сізді және қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушылары полиция полковнигі Н.Т. Саханова мен полиция подполковнигі Е.А. Церковнованың жемісті ынтымақтастығы, оқу іс-шараларын жедел жоспарлап және ұйымдастырғаны үшін алғысымды білдіргім келеді. Келе жатқан Жаңа жыл қарсаңында, Сізге және Сіздің ұжымыңызға денсаулық, кәсіби салада табыс және өркендеу тілегім келді. Болашақта, біз Сізбен тағы да бірнеше рет ынтымақтасатын боламыз деп үміттенемін.

Құрметпен,
БҚО ТЖД бастығы
полковник



Е. Өтегенов